



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Сәлеметсің бе, құм!»

Топтың аты: «Балдырған» тобы

3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтын аты: «Балдырган» тобы 3-4жас

Тексерілген күні: 02.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: «Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты: психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік.

Ойын барысы: Психолог әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді ;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен- ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен укалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады: «Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді — ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы — суық», «жағымды — жағымсыз», «тікенді, кедірлі» және т.б.

Қорытындысы:

3-4 жас тобына Құм терапиясынан «Сәлеметсің бе, құм!» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға құммен жұмыс жасаған ұнады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А. Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Құмды жауын»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5жас

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: «Балдәурен» 4-5 жас тобы

Тексерілген күні: 03.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: «Құмды жауын»

Мақсаты: бұлшық ет күшін реттеу, босансу.

Жабдықтар: Құмжәшік.

Ойын барысы: **Психолог:** ертегі әлемінде ерекше құм жауыны жауып және құм желі есуі мүмкін. Бұл өте жағымды. Сендер өздерің осындай жауын мен желді істеулеріңе болады. Қараңдар, бұл қалай болады. Бала жайлап, содан соң жылдам құмды өз жұмырдығынан құмжәшікке ересектердің алақанына, өз алақанына шашады. Бала көзін жауып және құмға саусақтарын ашып алақанын қояды, ересек адам қандай да бір сауасағына құм себеді, ал бала осы саусақты атайды. Содан соң олар рөлдерімен ауысады.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты 4-5 жас тобының белсенділігі есте сақтауы, ойлау қабілеті, қабылдауы жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А. Мендибаева

Зерттеушінің қолы:



Психодиагностика

Әдістеме: «Мені кайтала» және «Доп» ойыны

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Тексерілген күні: 04.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: Мені қайтала және доп ойыны

Максаты: Қимылды дамыту

Нұсқауы:

Тапсырмада ересек адам берген модель бойынша қарапайым қимылдарды, қалыптарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмалар бар. Жалпы моториканың даму деңгейін анықтайды.

Қорытындысы:

4-5 жас тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып қарапайым қимылдарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: _____





Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Құмды жел»

Топтын аты: «Балбөбек» 2-3жас кіші тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: «Балбөбек» 2-3жас тобы

Тексерілген күні: 05.05.2023

Балалар саны: 22

Қатысқаны: 22

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: «Құмды жел»

Мақсаты: дем алу – дем шығаруды қалыптастыру.

Жабдықтар: Құмжәшік, коктейль үшін түтікше.

Ойын барысы: Сәбилер оған құмды тартпай, түтікше арқылы демалуға үйренеді. Балаларға алдымен өз достарына жағымды тілектер айтуын ұсынуға болады, «оны құмға үрлеп» құм әлеміне тілек сыйлау, сонымен бірге құм үстінде шұңқырды пайда болғанша үрлеу. Осы ойындарға коктейльге арналған бір рет пайдаланатын түтікшелерді қолдануға болады. Осы жаттығуларды хош иіс терапиясымен құрамдастыруға болады (бірақ хош иіс терапиясын осы бағытта арнайы дайындықтан өткен психологтар пайдалануға құқығы бар). Бала өзіне арнайы таңдалған хош иіс қоспасы (сергітетін немесе босаңсытатын) иісімен дем алады. Бала демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуде.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. 2-3жас кіші тобына демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуді үйренді.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы:



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Кімге қанша?»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 10.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Кімге қанша?»

Мақсаты: Реттік санауды бекіту, қимылдарды санау.

Ойын барысы: 1,2,3 кеттік енді секіріп, Шапалақтап, топылдатып.
Қоян келді секіріп 3,4,5

Қорытындысы:

Балалар «Кімге қанша?» ойынын қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті. Сондай-ақ балалар өздерінің жақсы сай білетіндерін көрсетті.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: _____





Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Жолдар»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Тексерілген күні: 11.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: «Жолдар»

Мақсаты: Түс, пішін, көлем, жауындықты анықтап, абстрактылау, заттарды аталған ерекшеліктері бойынша салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

Материал: Логикалық блоктар, үш үйшік (үйшіктердің суреттер немесе макеттері не олардың шартты белгілері).

Мазмұны

I

Еденде бір-бірінен бір метр кашықтықта шеңбер бойында Наф-Наф, Ниф-Ниф және Нуф-Нуфтың үйлері, яғни үш үй орналасқан, осы үйлердің арасына торайларға бір-біріне қонаққа бару үшін ыңғайлы болатын жолдар салу керек, бірақ жолдарды қалай болса, солай емес, ережемен салу керек.

Бірінші жолды қалай салу керектігін ересек адам ұсынады. Мысалы, былайша, жолды салғанда оның жанында бір түсті фигуралар болмауы керек.

Балалар кезекпен блоктарды сала бастайды. Кімде кім қателікті байқаса, осы қате блокты өзіне алады. Осындай блокты көп жинаған бала құрылысты бірінші болып бастау құқығына ие болады. Ол қандай үйлердің арасына жол салынатынын таңдайды.

Әрбір жаңа жолды мүмкіндігінше жаңа ережемен салу керек. Жолдарды жанында бір түсті, не бір көлемді не бірдей жуандықты фигуралар қатар келмейтіндей етіп салу керек.

Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін ересек адам ойын тапсырмасын ауыстырып отырады: өзеннен өтетін көпір салу, фигуралардан жаңа жылдық гирляндар жасау, блок-вагондардан поезд құрастыру сияқты т.б. (мектеп жасына дейінгі ересектер тобында балалар жолдарды салмай, оны қағаз беттерін түрлі-түсті етіп тізбектер, көпірлер салуларына болады).

II

Жолдарды салудың ережесі қиындай түседі. Балалар тапсырманы орындау барысында бірден екі ерекшелікке бейімделулері қажет: жолды салғанда жанында бір түсті фигуралар болмағандай, бірақ пішіндері әртүрлі фигуралар болғандай етіп салу керек (пішіндері біркелкі, түстері әртүрлі; көлемдері бірдей, ал пішіндері әртүрлі; пішіні мен түстері әртүрлі; түстері мен көлемдері әртүрлі және т.б.). жолдарды салудың ережелерін ересектер ғана емес, балалардың өздері де ойлап құраулары керек.

III

Жол салудың ережелері одан сайын қиындай түседі: үш ерекшеліктерді ескеру қажет болады: жолды салғанда оның жанында фигуралар бір түсті бірақ пішіндері мен көлемдері әртүрлі болуы керек; пішіндері біркелкі, ал түстері мен көлемдері әртүрлі; түстері мен көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі; түсі, пішіні, көлемі әртүрлі және т.б.


Ересектер ереже құрудағы балалардың шығармашылықтары мен белсенділіктерін назардан тыс қалтырмайды, оларға ойынның жана тапсырмаларын ұсынып отырады.





Мектеп жасына дейінгі ересек топтар жолдарды не басқа да тапсырма бойынша берілгендерді салмай, дәптерлеріне суреттерін сала алады.

Қорытындысы:

4-5 жас тобына «Жолдар»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Балалардың қабілеттері өте жақсы дамыған.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 





Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Шапалақты тыңда»

Топтын аты: «Балдәурен» тобы
4-5жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 12.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Шапалақты тыңда» ойыны

Мақсаты: Қимыл-қозғалыс пен есту мүшелері арқылы ойын, зейінін дамыту


Нұсқауы:

Балалар айнала дөнгелек бойымен қозғалады. Бір рет шапалақтағанда «қоян» секілді тұрып қалулары керек. Екі шапалақ «ит» секілді үреді, үш шапалақтан соң «құс» секілді балалар қолдарын екі жаққа лақтырып жүреді. Төрт рет шапалақтағанда қайтадан бастапқы қалыпқа келулері керек.

Қорытындысы:

Балалар «Шапалақты тыңда» ойынын қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті. Сондай-ақ балалар қимыл-қозғалыс пен есту мүшелері арқылы ойын, зейінін дамытты.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Алуан түсті көңіл-күй»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Баләурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 15.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Алуан түсті көңіл-күй»

Ойын барысы:

Бір,екі,үш,төрт,бес,алты,
Ойынымыз басталды.-Біз қазір өз көңіл күйіміздің түсін табамыз.Мен сендерге кішкене бір құпияны ашайын,балалар.Біздің көңіл күйіміздің өзіне тән түсі болады екен.Міне,менде түрлі түстен тұратын карточкалар бар. 7 түстен тұратын көңіл күй түймедағы.

Әр жапырақ –әр түрлі көңіл күй:
Қызыл-сергек, белсенді көңіл күй-секіргіміз, жүгіргіміз,кимылды ойындар ойнағымыз келіп тұрады.

Сары – көңілді көңіл күй жан-жағымызға қуана карап,шаттанғымыз келеді.
Жасыл – көпшіл: барлық балалармен достасып,ойнағымыз келеді.
Көк-сабырлы:тыныш ойнап,қызықты кітап тындап, терезеге карап отырғымыз келеді.

Сұр-іш пыстырарлық – немен айналысарыңды білмейсің.
Қоңыр-ашулы көңіл күй: ренжіп, ашуланып тұрмын.
Қара-мұңды: маған ештеңе де қызық емес, көңіл күйім бұзылып тұр. Біз қазір мына домалақ жіпті шеңбер бойынша домалатып, әрқайсымыздың көңіл күйімізді білеміз,барлығымыз өз көңіл күйіміздің түсін айтып шығамыз.Мен бастаймын,сендер жалғастырасыңдар.

-Рахмет, көпшілігіңнің көңіл күйлеріңнің көтеріңкі болғанына мен қуаныштымын.

Ал көңіл күйлері орташаларға біз қазір өз көңіл күйлерін көтеруге көмектесеміз.

Қорытындысы:

Балалар «Алуан түсті көңіл күй» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды.Балалар осы ойын арқылы өздерне ұнаған түстерін тандады.

Көк түс тандаған балалар:

1. Егізбай Ибрагим

Сары түс тандаған балалар:

1. Алтынбек Асылым

Жасыл түс тандаған балалар:

1. Қыдырбай Шұғыла

Зерттеуші:Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: _____



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Ерекше іздер»

Топтың аты: «Балбөбек» тобы

2-3жас

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: «Балбөбек» тобы 2-3жас

Тексерілген күні: 17.05.2023

Балалар саны: 22

Қатысқаны: 22

Қатыспағаны: 0

Әдістеме: «Ерекше іздер»

Мақсаты: елес, тактикалық сезімталдықты дамыту

Жабдықтар: Күмжәшік

Ойын барысы: «Қонжықтар келе жатыр» — бала жұмырдықтарымен және алақандарымен күшпен күмға басады.

«Қояндар секіреді» — бала әр түрлі бағыттарда қоғала отырып, саусақтарының ұшымен күм үстінен соғады.

«Жыландар жорғалайды» — бала босаңсыған/ тырысқан қол саусақтарымен күм үстін толқынды етеді (әр түрлі бағытта).

«Қоңыздар - өрмекшілер жүгіруде» — бала жәндіктердің қозғалысын ұқсастырып, барлық саусақтарымен қоғалтады («қоңыздар сәлемдесуде»- күм астында бір-бірінің қолдарымен кездестіріп, қолдарын толығымен күмға салуға болады).

«Крокозябла» — балалар күмда әр түрлі іздер қалдырады, осындай із қалдырған фантастикалық хайуан үшін есім ойлап табады (соңында осы хайуанның суретін салып және күм елінің тұрғыны етуге болады).

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. 2-3жас тобының белсенділігі сезімталдығы жақсы дамыған.

• Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Бес санын шапалақта» ойыны**

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 19.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Бес санын шапалақта» ойыны

Мақсаты:

Беске дейін санап және әрекетті психологтың ұсынысы бойынша орындап үйрету.

Ойын барысы:

Ойында екеулеп және топпен ойнауға болады. Психолог балаға қарама-қарсы отырып айтады «қазір мен 5 дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалақтайсың».

Қорытындысы:

Балалар «Бес санына шапалақта» ойынын қызыға ойнады. Балалар 5-ке дейін санауды үйренді. Ойын барысында балалар белсенділік танытты.

• **Зерттеуші:** Педагог-психолог: Ж.А. Мендибаева

Зерттеушінің қолы: _____



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Кім сені шақырады,тап»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5жас

Зерттеу уақыты:22.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар:25

Қатыспағандар:0

Әдістеме: «Кім сені шақырады,тап»ойыны

Мақсаты:

Баска адамды дауысынан танып үйрету.

Құрал:Доп

Ойын барысы:

3 адамнан кем адам қатыспайды.Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады.Психолог көрсеткен бала,ортада тұрған баланы шақырады.Бала шақырған адамды дауысынан танып табу кажет.Таныса шеңберге тұрады-шақырған бала ортаға тұрады.

Қорытындысы:

4-5жас тобы «Кім сені шақырады,тап»ойының қызыға ойнады.Балалар ойын барысында белсене қатысты.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Әрқашан күн сөнбесін»**

Топтың аты: «Балдырған» тобы

3-4 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы 3-4 жас

Зерттеу уақыты: 23.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Қарым-қатынасын дамыту

Нұсқауы:

Тақтаға бұлт басқан күннің суреті ілінеді, әр бұлтта тапсырмалар берілген. Соларды орындау барысында күннің көзі ашылады.

Қорытындысы:

3-4 жас тобына «Әрқашан күн сөнбесін!» ойыны ойнатылды. Балалар ойын барысында белсене қатысты. Балалар тақтада тұрған тапсырмаларды орындады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



Психологиялық-педагогикалық ағарту
«Кеше, бүгін...»

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Әдістеме: «Кеше, бүгін...»

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 24.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Мақсаты: ойын барысында «кеше, бүгін, ертен » туралы түсініктерін бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер, үш әртүрлі түсті үй.

Ойын барысы: Топтық үш бұрышына үш үйдің суреттер орналастырылады.


Балалар шеңбермен жүреді де тапқақ айтады (кез келген). Психолог:


«Иә,иә,иә бұл кеше болған оқыға!» дейді. Сол кезде барлық балалар «кеше» үйіне барып суреттерін салады. Ойын жалғасады.

Қорытындысы:

4-5 жас тобына «Кеше, бүгін...» тақырыбында ойын жүргізілді.Балалар ойынға өте белсенділікпен қатысты.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 





Психологиялық-педагогикалық ағарту
«Досыңмен кездесу»

Топтың аты: «Балдырған» тобы

3-4 жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы 3-4жас

Зерттеу уақыты:26.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар:25

Қатыспағандар:0

Әдістеме: «Досыңмен кездесу»

Мақсаты:

Басқа адамның эмоциялық жағдайын түсіну қабілеттері мен өзінің жағдайын соған сай көрсете білу дағдысын,мәнерлі қозғалысты дамыту.

Нұсқауы:

Психолог балаларға бір әңгіме айтады: «Баланың досы бар еді. Жаз басталды да,оларға айырылысуға тура келді. Бала қалада қалды,ал оның досыы ата-анасымен бірге оңтүстікке кетті. Досыңыз қалада көңілсіз еді.Арада бір ай уақыт өтті. Бірде бала көшеде келе жатып,аялдамада автубустан түсіп келе жатқан досын көріп қалды. Олар бір-біріне қалай қуанады десенізші». Қалаулары бойынша балалар осы сценканы ойнап көрсетеді. Мәнерлі қозғалыстар:құшақтау, күлкі, қуаныш сезімі.

Қорытындысы:

3-4 жас тобына «Досыңмен кездесу» ойыны ойнатылды. Балалар ойын барысында белсене қатысты. Балалар басқа адамның эмоциялық жағдайын түсіну қабілеттері мен өзінің жағдайын соған сай көрсете білу дағдысын, мәнерлі қозғалысты дамытты.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
«Гүл» ойыны**

Топтың аты: «Балдәурен» тобы

4-5жас

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: «Балдәурен» тобы 4-5 жас

Зерттеу уақыты: 30.05.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Гүл» ойыны

Мақсаты:

Қабылдауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Балалар әр жерде отырады. Психолог: Балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлміз. Күн шықты, гүлдер жайнап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан-жаққа шайқалады (қолдарын жан-жаққа шайқайды). Біз мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарымен тізделерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). Бір уақытта қайтадан күннің көзі күлімдеп шыға бастады, сол уақытта гүлдер де Құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен гүл шоғына жиналады).

Қорытындысы:

4-5 жас тобына «Гүл» ойыны ойнатылды. Балалар ойын барысында белсене қатысты.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Ж.А.Мендибаева

Зерттеушінің қолы: 



Педагог-психологтың жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы

Педагог-психологтың жылдық есебі

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және балалардың эмоциялық оңдылығын мен психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ететін дамытудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптасыруда педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсету.

Міндеттері:

балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру;

балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау;

балаларды индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру;

көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу;

педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру.

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары

Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық ағарту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қыркүйектің 5-нен бастап топтарды аралап, балалардың алғашқы балабақшаға келген көңіл күйлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. 2-3 жас кіші тобы, 3-4 жас тобы, 4-5 жас топтарына «Суреттерді есте сақта», «Реттілігін анықта», «Бір сөзбен ата», «Төртіншісі артық», «Жыл мезгілдері», «Қисынсыздықтар», «Арттық затты тап», «Жыл мезгілдері» тақырыптарында

психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардан сауалнама алынды. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша МАДтобына «Үйдің есігін жабайық», 4-5 жас тобына, 3-4 жас тобына, «Досыңмен кездесу», «Сыйлық», 2-3 жас тобына «Сиқырлы сөздер», «Ку-Ку», «Қолың қайда?» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қыркүйек айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Жоспар бойынша қазанның 3-нен бастап 3-4 жас ортаңғы тобы, 2-3 жаскіші тобы, 4-5 жас ересек топтарына «Не жоғалды?», «Суретте қандай заттар жасырылған», «Мынау не?», «Айырмашылықты тап», «Мына суретте не жетіспей тұр?», «Суреттерді салыстыр», «Белгілерді қой», «Фигуралардың суретін салып бітіру» тақырыптарда психодиагностикадан осындай жұмыстар жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағартудан

3-4 жас ортаңғы тобы, 4-5 жас ересек тобы және 2-3 жас кіші топтарына «Қай қолымда», «Біреу көп», «Жағымды сөздер», «Сиқырлы сөздер», «Тығылмашық» тақырыптарында аталған жұмыстар жүргізілді. Түзету-дамытушылық бойынша «Жұмбақ заттар», «Ойыншықтар», «Бір, екі, үш» тақырыптарында балалармен жұмыстар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қарашаның 1-нен бастап психодиагностикадан 4-5 жас тобына «Менің отбасым» тесті және А.Р. Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау тест алынды. «Бір-біріңді таны», «Допты беріп жібер», «Не өзгерді?», «Түгендеу-шатастыру», «Өзің жайлы жақсы сөздер айту», «Ұзын қысқа», «Тыңдай білу іскерлігі» тақырыптарында 4-5 жас, 3-4 жас,

2-3 жас осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағытта жұмыстар жүргізілді. 4-5 жас, 3-4 жас тобы осы аталған топтарға түзету-дамытушылықтан «Бұл неден жасалған», «Билеп көрсет», «Ойлан тап», «Аяқталмаған суреттер» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Балабақша қызметкерлерінен Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама және ата-аналардан «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыптарында сауалнама алынды. Педагогтармен «Жұбымыз жарасқан әріптестерміз» тақырыбында психологиялық-педагогикалық ағарту бағытта тренинг жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Жоспар бойынша желтоқсанның 1-нен бастап Психологиялық-педагогикалық ағарту бағытынан 4-5 жас тобына «Доп» ойыны жүргізілді. Психодиагностикадан ,

4-5 жас тобына «Менің отбасым» тесті, 4-5 жас тобына «Сөзді есінде сақта», «Дайын бол» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. «Сипап сезу арқылы санау», «Доп» ойыны, «Сөзді керсінше ата», «Сөзді есінде сақта», «Цирктің әртістері», «Жыл атасы» тақырыптарында тобы, 2-3 жас,

4-5 жас тобы , 3-4 жас тобы, осы аталған топтарға Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға психологиялық

тест «Әлемде жоқ жануар» тақырыбында психодиагностика жүргізілді және «Сіз бөтен адамның әсеріне қаншалықты жиі ұшырайсыз?» тақырыбында сауалнама алынды. Балабақша қызметкерлерінен Темперамент сауалнамасы алынды. 3-4 жас тобы және 4-5 жас тобы, 2-3 жас тобы осы аталған топтарға «Сандар», «Пішіндер әлемі», «Пішіндерді орнына қой», «Күн», «Баумен ойын» тақырыптарында түзету-дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Желтоқсан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Жоспар бойынша қаңтардың 4-нен бастап психодиагностикадан 4-5 жас тобына «Менің отбасым» әдістемесі, «Ересек балаларының мектепке дайындығын тексеру» жұмыстары жүргізілді. Түзету-дамытудан, 3-4 жас ортаңғы тобына және 2-3 жас кіші тобына, 4-5 жас ересек тобына «Баланың зейінін дамыту», «Машиналарды гаражға қой», «Менің достарым», «Картина», «Қуыршақ», «Машинаға шам іздеу», тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. «Сөзді есінде сақта» тақырыбында «Кімнің киіміне тән өрнек», «Затты қалай қолдануға болады?» ойыны, «Орамалды бірінші алу», «Достық», «Өз үйінді тап» тақырыптарында 3-4 жас ортаңғы тобына және 2-3 жас кіші тобына, 4-5 жас ересек тобына осы аталған топтарға ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Педагогтарға тренинг «Көтеріңкі көңіл-күй» тақырыбында, балабақша қызметкерлеріне «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» психологиялық-педагогикалық ағарту жүргізілді және «Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла» тақырыбында ата-аналарға психологиялық кеңес берілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қаңтар айында осындай жұмыстар жүргізілді.


Жоспар бойынша ақпанның 1-нен бастап 4-5 жас тобына психодиагностикадан «Шаршы құрастыр» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Түзету-дамытушылықтан 4-5 жас тобы, 3-4 жас тобы, 2-3 жас тобына «Үлкен және кішкентай доптар», «Бір сөзбен ата», «Үйлер және тулар», «Өз үйінді тап», «Маған қарай жүгіріңдер», «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. «Төрт құбылыс», «Көңілді шеңбер», «Орындықты тап», «Сөзді есінде сақта», «Ойларда аяқта», «Жана ертегі», «Ілінген орамал», «Көлем кім бірінші» тақырыптарында Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары 4-5 жас тобы, 3-4 жас тобы, 2-3 жас тобына осы аталған топтарда жүргізілді. Балабақша қызметкерлерінен «Шаршадыңыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды. «Үй-адам-ағаш» тақырыбында 4-5 жас тобының бүлдіршіндерінен проективті әдістеме алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Жоспар бойынша наурыздың 1-нен бастап 3-4 жас ортаңғы тобы, 2-3 жас тобы және 4-5 жас тобы осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық

ағарту «Жоғалған ойыншықты тап», «Көлеңке», «Жұдырыққа жасырылған орамал», «Мақтаншақтар» және «Тында да айт», «Түрлі түсті доптар», «Қиял жалғасы», «Гүл» ойыны және «Шындыққа бір қадам», «Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу», «Суреттің жалғасын тап» ойыны тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Ата-аналардан «Сіздің баланыңыздың қызығушылығы» тақырыбында психодиагностикадан сауалнама алынды. Ал 4-5 жас топтарынан «Зат неге ұқсайды?» Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі, тақырыбында психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. Түзету дамытушылықтан 3-4 жас ортаңғы тобы, 2-3 жас тобы, 4-5 жас тобы осы аталған топтарға «Құм терапиясы», «Жыл мезгілдері», «Қателеспе сикыршы», «Көбелек» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Жоспар бойынша сәуірдің 3-нен бастап 4-5 жас, 3-4 жас, 2-3 жас осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Заттарды қабылдау», «Ұқсас суретті тап», «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта», «Суреттерді аяқтайық», «Шөлдеу», «Көбелек», «Барлығы қанша?», «Орамалды жасырынбақ», «Жел» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан 4-5 жас тобынан Йиарсек Керн тесті арқылы балалардың мектепке дайындығын анықтау жұмысы жүргізілді. 4-5 жас тобына «Суреттер туралы әңгіме», «Пішін қорабы», «Жоқ жануар» тақырыптарында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Педагогтармен «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг жүргізілді. Түзету дамыту бағыты бойынша 4-5 жас, 3-4 жас, осы аталған топтарға «Маскалар» жаттығуы, «Шашу» және «Менің планетам», «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар» тақырыптарында балаларға ой-өрісті дамытуға арналған ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Мамырдың 2-нен бастап 3-4 жас, 4-5 жас, 2-3 жас топтарына Түзету-дамытушылықтан «Сәлеметсің бе, құм!», «Құмды жауын», «Құмды жел», «Ерекше іздер», «Жолдар» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан 4-5 жас тобына «Мені қайтала» және «доп ойыны» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Кімге қанша?», «Шапалақты тыңда», «Алуан түсті көңіл-күй», «Бес санын шапалақта», «Кім сені шақырады, тап», «Әрқашан күн сөнбесін», «Кеше, бүгін..», «Армандар», «Досыңмен кездесу», «Түрлі түсті доптар», «Гүл» тақырыптарында балаларға тренинг жүргізілді. Ата-аналарға «Сіздің баланыз мектепке дайынба?» тақырыбында сауалнама алынды. «Менің балам қандай?» топ ата-аналарына тренинг жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Жалпы қорытындылай келе балалардың психологиясы, ойлауы, есте сақтауы, қабылдауы жақсы дамыған.



Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлаймын:

1. Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру;
2. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру;
3. Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жоғарлату;
4. Психолог кабинетін жабдықтау.
5. Жобалар бойынша жетілдіріп, толықтырып, жалғастыру.

Балабақша педагог- психологы:

Ж.А.Мендибаева